e.zan

Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде

Редакциялау күні 04.12.2015
Сақтау күні 15.12.2019
Дата редакции 04.12.2015
Дата скачивания 15.12.2019

Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы

Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқарушысының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 09 /245 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 31 желтоқсанда № 12745 болып тіркелді

Управление делами Президента Республики Казахстан

# «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» мемлекеттік мекемесі азаматтық қызметшілері лауазымдарының тізілімін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 230-1-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса беріліп отырған «Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» мемлекеттік мекемесі азаматтық қызметшілері лауазымдарының тізілімі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының заң бөлімі заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының қаржы-экономикалық бөлімі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасының интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

«РКАО» РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код

ҚР НҚА ЭББ-гі нақты құжатқа сілтеу QR-коды

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқарушысының орынбасары Е.Е. Баттақовқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

**Іс Басқарушының міндетін атқарушы Д. Іңкәрбаев**

«КЕЛІСІЛГЕН»
Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрі
____________________Т. Дүйсенова
2015 жылғы «____»_____________